

«Айналайын» бөбекжай» МКҚК-ның  
тәрбиешілер жиналысына хаттамасы

2024 ж. «17» қаңтар

№ \_\_\_\_\_

Индербор кенті

**ҚАТЫСҚАНДАР:**

1. Ж.С.Жардемовна – меңгеруші
2. А.Р.Макашева – ембике
3. С.Қ.Конырова – ембике
4. Тәрбиешілер- 18 адам

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. Желшешек ауруы және оның алдын алу туралы.

**1. ТЫҢДАЛДЫ:**

Осы мәселе бойынша меңгеруші С.Жанғали қазіргі уақытта балабақшадағы балалар арасынан желшешек ауруының шығуын алдын алу жұмыстарының маңыздылығы туралы айтып өтті. Балабақша ішінде санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың нормаға сай орындалып отырғандығын айтты.

**2. ТЫҢДАЛДЫ:**

Балабақша ембикесі С.Конырова желшешек ауруы туралы баяндама оқыды. Балабақшада желшешек ауруының көбейуіне байланысты балаларды аурудан қорғау туралы айтылды.

Желшешек (желшешек) – өзгеше көпіршіген бөртпемен өтетін тез жұққыш жұқпалы ауру. Адамдар көп жиналатын орындар - балабақшаға немесе мектепке баратын балалар жиі ауырады, жұқпалы болып қалады.

Желшешектің инкубациялық мерзімі 7-21 күн. Адам ағзасына вирус мұрын, ауыз және жұтқыншақтың шырынты қабығы арқылы түседі. Кейін ағзаға лимфамен және қанмен шаппақ таралады, теріге және шырынты қабыққа еніп, ол жерде көбейеді. Не болады?

Желшешек температура 38°C дейін көтерілуден, әлсіреуден басталады.

Бет терісінде, бастың шапты бөлігінде, денеде, шырынты қабықтарда (ауызда, жыныс мүшелерінде) 5-7 мм. көлеміндегі қызыл дақтар пайда бола бастайды. Бірнеше сағат өткен соң, сол дақтардың орны күлбірей сулағын, содан соң мөлдір сулы кішкентай, нүктелі сулы бөртпелер пайда болады. Бір-екі күннен кейін олардың сырты қабыршақтанады да, із қалдырмай, түсіп қалады.

Жаңа бөртпелердің пайда болуы (3-8 тәулік ішінде) және бөрткендердің жеке элементтерінің трансформациясы бір мезгілде жүреді, сондықтан терінің бір бөлігінен дақтарды да, күлбіректерді де, сулы бөртпелерді де, қабыршақтарды да көруге болады.

Бөртпелер қатты қышиды. Әрбір бөртпе шыққан сайын дене қызуы көтеріліп, баланың хал-ахуалы бұзылады. Бөртпелерді қасу мен қабыршақтарын сыдыру - жарақаттарға жүкпа түсіп, олардың іріндеуіне әкеліп соғады.

Тәрбиешілер тарапынан сұрақ қойылып, мамандар тарапынан жауап берілді.

Тәрбиеші: А.Боранбаева Желшеше ауруын бала бақшадан аныктасак кандай шара колданылады деген сауал қойды,

**ШЕШІМІ:** Жеке бас гигиенасын сақтау, адам көп жиналатын жерге бармау, дұрыс тамақтану, тазалықты сақтау, дәрумендерді қабылдау, науқасқа 1 метрден жақын жақындамау, науқас адамдармен байланыс жасаған кезде бетперде кию, бір реттік қол орамалын қолдана отыра, жөтелген және түшкірген кезде мұрын мен ауызды жабу, бөлмені жиі желдету, салауатты өмір салтын ұстану Желшешек ауру белгілерін байқаған жағдайда міндетті түрде дәрігер көмегіне жүгіну. Науқас адамдармен байланыстан алшақ болу;

Меңгеруші:

С.Жанғали

Медбике:

С.Коньрова

Хатшы:

Ж.Жусупова

